

Өткен сенбіде Қамбаш көлінде Арал өңірі балықшыларының І слеті өтті. Теңіз қойнауынан су маржанын сүзген балықшы қауымның мерекесі бүгінгідей жоғары деңгейде соңғы рет мұнан тура жарты ғасыр бұрын тойланған екен. Енді араға ұзақ уақыт салып көпшілікпен қайта қауышты.

Сыр бойы



1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

14

ШІЛДЕ
СЕЙСЕНБІ

2015 жыл
№102 (18990)

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСТЫҚ ГАЗЕТИ

www.syrboyi.kz

● БАСТАМА

АРАЛДА БАЛЫҚШЫЛАР СЛЕТІ ӨТТІ

Слетке облыс әкімі Қырымбек Көшербаев, ҚР Ауыл шаруашылығы вице-министрі Ерлан Нысанбаев және балық шаруашылығымен айналысатын ғалымдар келді. Сонымен қатар облыс аудандарынан балықшылықты тіршілік өзегіне айналдырған кәсіп иелері қатысты.

Слетке жиналғандар әуелі қаз-қатар қойылған көрме, құнды жәдігерлермен танысты. Әсіресе Арал аудандық тарихи-өлкетану музейінің балықшылар музейі бөлімшесі дайындаған дала қосы қызықталды. Төбесі жаңа орылған бау пішенмен жабылған, қоржын там түріндегі жертелө өткен дәуірдегі балықшылар өмірін елестетті. Қабырғаға сүйеулі тұрған ағаш сапты сүймен, қабдан, зәкір, жертелө жанындағы ат шана, түйе шана, шығыр, үй ішіндегі кеменің, қайықтың құрал-жабдықтары, май шам, маяк шам, қол шам, құтқару кеудешесі асау толқынмен алысқан баяғы балықшылар өмірінің хабаршысындай сезілді. Аталмыш музейдің ғылыми қызметкері Айбек Есмағанбетов аймақ басшысы Қырымбек Көшербаевтың балықшылар музейіне Бутаковтың экспедициясы желісімен әзірленіп, 1850 жылы Лондонда басып шығарылған Арал теңізінің алғашқы картасын, сол тұста Санкт-Петербургта дайындалған энциклопедиядан теңіз картасы туралы мәліметті сыйға тартқанын жеткізді.

Телегей айдын беті желмен жарысқан алуан үлгідегі моторлы қайықтар, катермен толықты. Толқынды қақ жарған су көліктері теңіз перзенттерінің шоқтығын асыра түсті. Жағалауда сап түзеген теңізші формасындағы қыз-жігіттер ел ертеңінің сенімді қолда екенін паш еткендей.

Облыс әкімі Қырымбек Көшербаев бастаған ел ағалары аудан өнерпаздары бейнеленген театрландырылған көріністі қызыға тамашалады. Бір ғажабы, көріністегі көл бетінде жеңіл сырғыған қайық үстінен ау қараған қажырлы жігіттердің еңбегі еш кетпеді. Лағылдай жарқыраған шүпірлеген балық қайық бетіне ақтарыла төгілгенде соғылған шапалақ үнінен атырап жаңғырықты. Іле-шала теңіз мұзбалағы Нар ағаның, мемлекеттік сыйлықтың иегері Нарғали Демеуовтің жарқын бейнесі сомдалғанда көпшілікті ерекше толқыныс сезімі биледі. «Тау алыстаған сайын биіктей береді» деген осы шығар.

Жиналған қауымды өңір балықшыларының І слетінің ашылуымен құттықтаған аймақ басшысы Қырымбек Көшербаев Сыр бойының

өзінің ақ күрші, төскейді толтырған төрт түлігімен қоса теңіз маржаны балығымен шартарапқа танылғанын, сонау қиын-қыстауда Лениннің хаты бойынша ашаршылыққа ұшыраған Поволжье тұрғындарына қол ұшын созып 14 вагон балық жіберген Пірекеш Дүйсенов бастаған бөгендік балықшылар есімдерінің тарихта жазылып қалғанын айтып өтті.

Жетпісінші жылдары тартыла бастаған теңіз жағалауындағы жұрт атамекеннен ауа көшуге мәжбүр болды. Бұл олқылықтың орнын Елбасының бастамасымен қолға алынған «Сырдария өзенінің арнасын реттеу және Солтүстік Арал теңізін сақтау» (САРАТС) жобасын толтырды.

— Балық шаруашылығын қарқынды дамыту үшін, біз Қызылорда облысында балық шаруашылығын дамытудың 2015-2017 жылдарға арналған Жол картасын қабылдадық. Жол картасын қабылдаудағы



өңдеу зауыттарын заманауи технологиялармен жабдықтау және салаға инвестиция тарту болып табылады. Бүгінгі өткізіліп отырған балықшылар слеті еңбек адамдарына деген

қолдау. Олардың жаздың ыстығына, қыстың суығына қарамастан жасап жүрген жұмыстарын дәріптеу, — деді облыс әкімі Қ.Көшербаев.

2-бет

● НӘТИЖЕ

ГАЗДАНДЫРУ ЖҰМЫСТАРЫ ЖАЛҒАСУДА

Аймақ басшысының бастамасымен іске асырылып жатқан аудан орталықтарын газдандыру бағытындағы жұмыстар Жаңақорған кентінде қарқынды жүргізіліп келеді. Бұл орайда мердігер мекеме мен жергілікті атқарушы орындардың бірлесе жасап отырған іс-қимылы жұмыстың тоқтаусыз жалғасуына ықпал еткендігін айтқан жөн болар.



Қазіргі кезде Жаңақорған кентінде «Автоматтандырылған газ тарату стансасының» (АГТС) сыртқы қоршау жұмыстары аяқталып, іргетастары толығымен құйылды. Сонымен қатар, кентті «Шымкент-Бейнеу» магистральді газ құбырына қосу аралығының құрлыс жұмыстары да үздіксіз жүргізіліп келеді. Жалпы нұсқаулыққа сай, құбырлар сынақтан өткізіліп барып қана пайдалануға қосылады.

Ал кент ішіндегі газ тарату 13 шағын газ пунктін арқылы атқарылады. Пункттер МАИ бекеті, «Ипподром» және 6-крант аумағымен болса, 17 көшеде жүргізіліуі тиіс. Нақты кезеңде құбырлар салына бастады. Оған 120 жұмысшы жұмылдырылса, оның дені жергілікті тұрғындар.

Н.НАЗЫМХАНУЛЫ,
Жаңақорған ауданы

● ІЗДЕНІС



ЖАЗДЫҚ АРПАНЫҢ ЖАҢА СҰРЫПТАРЫ

Жуырда жергілікті ғалымдар Сыр өңірі климатына бейімделген жаздық арпаның жаңа тұқымын шығарды.

Соңғы үш жыл бойы жүргізілген селекциялық жұмыс нәтижесінде аймақтың топырақ-климаты мен агроэкологиялық жағдайына бейімделген, жаздық арпаның “Сыр аруы”, “Інқар”, “Шахристан”, “Қайсар” атты сұрыптары шықты.

Жаңа тұқымды бұдандастырып, сапа өнімділігіне мән берген Жақаев атындағы күріш ғылыми-зерттеу институтының мамандары жаңа сорттардың пісімі тездігімен ерекшеленетінін айтып отыр.

— Жаңа сұрыптың өнімділігі стандартпен салыстырғанда 15 центнерге артық өнім береді және 10 күн ерте піседі. Арпаның бұл сұрыптары мал шаруашылығын құнарлы азық дақылмен қамтамасыз етуге де мүмкіндік бермек. Су үнемдеумен қатар, жақсы пайдаға кенелтеді, — дейді

институттың білім тарату орталығының жетекшісі Жанұзақ Байманов.

Жаңа сұрыпты күріштің бытырғы атыздарына еккен. Ғалымдар осы арқылы — суды барынша үнемдеп, жер ресурстарын тиімді пайдалануды көздейді.

Яғни, олар бір жерге науқан ішінде екі дақыл егіп, өнім алуға болатынын дәлелдемекші. Арпаны жинап болған соң, сол егістіктерге жүгері мен тары егуді жоспарлап отыр. Нәтижесінде су 30-35 пайызға дейін үнімделеді деген есеп бар.

Бүгінде ғалымдар бидай мен сұлының мыңға жуық отандық және шетелдік сұрып үлгілерін зерттеп жатыр. Ал келесі жылы жергілікті селекция жұмыстары нәтижесінде бидай мен сұлының бір-бір сортынан мемлекеттік сұрып сынағына беру жоспарлануда.

Нұрбек ДӘУРЕНБЕКОВ.

ҰЛТТАР ДӘСТҮРІН ҰШТАСТЫРҒАН ОТБАСЫ

Қармақшы ауданына қарасты III Интернационал ауылында 11 ұлт өкілі бір шаңырақ астында бейбіт өмір сүруде. Бүгінде бірлігі жарасқан берекелі ауылдың халқы ұлтқа бөлінбей бір-бірімен біте қайнасып кеткен. Тіпті құдандылы болып, әрбірі әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлерін жаңғырттып отыр. Үш ұлттың салт-дәстүрін ұстанып, барлық рәсімдерін жаңартып, өзгелерге үлгі болып отырған осындай интернационал отбасылардың бірі Махамбетовтер әулеті.



Отағасы Камал Махамбетов татар болса, зайыбы Светлана Пухнатова беларусь ұлтынан. Тату-тәтті өмір сүріп жатқан отбасы екі бала тәрбиелеп өсірген. Үлкен баласы Евгений де қазіргі сәтте түрік қызы Зинап Мурсаловамен шаңырақ көтеріп отыр. Бүгінде Камал аға дүниеден озған. Дегенмен, ұлы Евгений әке ізін жалғап, екі бала тәрбиелеп отырған ардақты әке. Осы ауылда туып-өскен бұлар жергілікті халықпен сіңісіп, ел игілігі жолында еңбек етуде. Өзі жол бойында жұмыс жасаса, жұбайы Зинап апай 8 жылдан бері мұғалім болып, шәкірт тәрбиелеп келеді. Әке мен ананың ұлағатын тыңдап өскен олар үшін отбасы құндылығы бірінші орында.

— Біздің шаңырақта береке мен бірлік

бұлжымас қағида. Түрлі ұлттан болсақ та ешқандай түсінбеушілік болған емес. Дәстүрлерімізде ұқсастықтар бар. Бөліп-жармай барлығын да атап өтеміз. Ұлттың түрлі болуы татулыққа еш кедергі келтірмейді. Ең бастысы, бір-бірімізге деген сыйластық болса болғаны, — дейді Зинап апай.

Отбасы мүшелері түрік, орыс тілінен бөлек қазақ тілін де еркін меңгерген. Отандарын Қазақстан деп білетін олар мемлекеттік тілді білу елімізде тұратын әрбір азаматтың міндеті деп санайды.

— Қиын-қыстау кезеңде ата-бабаларымыз осы жерден пана тапты. Қазақ халқының кеңпейілділігі сол тағдыр тезіне ұшыраған кез келген ұлтты бауырына басып,

қамқорлықтарын көрсетті. Сондықтан осындай дархан елдің азаматы бола тұра қазақ тілін білмеу бәрімізге сын деп білемін. Осы жерде өсіп-өнгендіктен, ауылдың жергілікті тұрғыны болғандықтан бізге қазақ тілін игеру мүлдем қиын болмады. Тіпті, өз тіліміздей болып кеткендіктен, кейбір нәрсені ең бірінші қазақша ойлаймыз, — деді отбасы келіні Зинап.

Өзге ұлт болса да қазақшылықты бойларына сіңіріп, тіліміздің шұрайлылығын сөз еткен отбасының бүгінгі келбетін көргенде бір марқайып қаласың. Қалай десек те, қазақ халқы секілді кеңпейіл шаңырақтың татулығы көпке үлгі боларлықтай.

М.ОТАРАЛЫ.



● СЕМИНАР

Әйтеке би кентінде БҰҰ Даму бағдарламасы аясында Қызылорда облысы әкімдігімен бірлескен семинар ұйымдастырылып, онда балық шаруашылығын және тауарлық балық өндірісін өркендету жайы қозғалды. Табиғи балық қорын сақтау бағыттарының бірі — табиғи су айдындары негізінде құрылған көл-тауарлы, тоған шаруашылықтарында балық өсіру, оларды жақсарту, өнеркәсіптік балық шаруашылығының әдістерін енгізу болып табылады. Сыр өңірінде көл-тауарлы балық шаруашылығын өрістетуге қолайлы жағдай бар. Облыс көлеміндегі 300-ден астам көлдердің 154-і балық шаруашылығына мәні бар көл санатында.

ӨҢІР ӨНДІРІСІНІҢ ЖАҢА ӨРІСІ

Кенес барысында балық аулау өнеркәсібіндегі ахуал, заңнамалық өзгерістер ортаға салынды. Табысты балық шаруашылығы тәжірибесі талқыланды. Ұсыныс-пікірлер назарға алынды.

Семинарды ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігі Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитеті Балық ресурстарының өсімін молайту басқармасының басшысы Қайырбек Мұсабаев ашып, жүргізіп отырды. Өзінің хабарламасында Қайырбек Шақуәліұлы сала өңіріндегі атқарылған жұмыстарды, соны заңнамалық өзгерістерді, жағымды жаңалықтарды, проблемалық түйіндерді шешу жолдарын ұғынықты әңгімеледі. Кенеске қатысушыларды Қызылорда облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының басшысы Еркебұлан Бекжановтың облыстағы балық шаруашылығының бүгінгі жағдайы, оны дамытудың мүмкіншіліктері туралы баяндамасы қатты қызықтырды. Оның айтуынша, Сыр өңіріндегі балық кәсіпшілігінің алға басуында «Ғасыр жобасы» атанған САРАТС-тың орны ерекше. Нәтижесінде Кіші Аралдың тұздылығы едәуір кеміп, балық аулау көрсеткіші біршама ұлғайды. Балық аулау лимиті жағынан облыстың табиғат пайдаланушылары республика бойынша алдыңғы лектен табылуда. Экспортқа шығарылған балық өнімдері де көңіл көншітеді. Тауарлы балық шаруашылығын құруда оң қадамдар жасалған. Соның арқасында жаналан жұмыс орындары ашылуына қол жеткізілді. Десе де, әрбір табиғат пайдаланушы балық түрін молайтуды, шабақ құтқаруды әрқашан қаперде тұтқаны жөн. Салғырттықтың салдарынан кезінде «Қызылорданың бренді» саналған қаяз мүлде жоғалып кетудің аз алдында тұрғаны баршаға аян. Бұл тақырыпқа ел ағалары мезгілінде көңіл бөлгендіктен катердің қара бұлты сөйілді. Әсіресе, белгілі сала маманы Құдайберген Саржановтың ерекше еңбегін атап өту ләзім. Бүгінгі таңда шабақтарды құтқару өз дәрежесінде жүргізілуде. Құтқарылған қаяз шабақтары Кіші Аралға жіберілуде.

Семинарда БҰҰ ДБ Шөлді экожүйелері бойынша жобасының сарапшысы Ақмарал Ағажасова, облыстағы БҰҰДБ біріккен бағдарламасының менеджері Баян Егізбаеваның өзге қатысушылардың хабарлама, ұсыныстары тыңдалды. Түс ауа семинар қонақтары «Қамыстыбас» балық питомнигінің жұмысымен танысты. Кенес соңында қатысушыларға сертификаттар тапсырылды.

Жұмабек ТАБЫНБАЕВ,
Қазалы ауданы.

АРАЛДА БАЛЫҚШЫЛАР СЛЕТІ ӨТТІ



Қазір Елбасының тікелей тапсырмасымен САРАТС-тың екінші кезеңін жүзеге асыру үшін құжаттарын әзірлеу жұмыстары басталып кетті. Жобаның құны – 23,2 млрд теңге. Бүгінде Үкіметпен бірлесіп, Дүниежүзілік банктің қаражаты есебінен жобаны іске асыру бойынша келіссөздер жүргізілуде. Сөзінің соңында аймақ басшысы слетке қатысушыларға Аралдың данқын асқақатқан классик жазушы Әбдіжәміл Нұрпейісовтің сәлемін жеткізді.

Мұнан соң ҚР Ауыл шаруашылығы вице-министрі Ерлан Нысанбаев, қоғам қайраткері, балық шаруашылығы министрі қызметін атқарған белгілі азамат Құдайберген Саржанов көпшілікке жылы ықыласын білдірді. Еңбек озықтары марапатталды. Сақинадалған Арал қаязын сута жіберу рәсімі болды. Өнерпаздар ән-жырдан шашу шашты. Осылайша Аралда балықшылар тойы дүркіреп өтті.

Жұмабек ТАБЫНБАЕВ.
Арал ауданы.

ЭНЕРГИЯ ҮНЕМДЕУ – МАҢЫЗДЫ МӘСЕЛЕ

Бүгінгі таңда әлемде жылу энергия көздерінің жұмыс тиімділігін арттыру көп жағдайда оларды үнемдеу шараларымен тығыз байланысты. Бұл мәселенің “ЭКСПО-2017” халықаралық көрмесінің басты тақырыбына айналуы тегін болмаса керек-ті. Мемлекет басшысы Н.Назарбаев әрдайым осы өткір мәселені күн тәртібіне қойылған маңызды міндет ретінде атап көрсетеді.

Қазіргі таңда елімізде Қазақстан Республикасының “Энергияны сақтау және энергияны үнемдеу” заңдылығын жүзеге асыру бойынша көптеген шаралар жүзеге асырылуда. Энергия үнемдеу миллиондаған, тіпті миллиардтаған бюджет қаржысын үнемдеуге мүмкіндік береді. Ал бұл мәселелердің Қызылордадағы жылу энергия орталығына тікелей қатысы бар.

Сонғы жылдары жылу орталығын жаңғырту бойынша көптеген жұмыстар атқарылуда. Осыған қарамастан тексерулер көрсетіп отырғанындай, біз энергия сақтау мәселесінде әлі де көптеген шараларды жүзеге асыруымыз керек. Әсіресе, бұл орайда жерасты және жер үстінен жүргізілетін жылу жүйелерінің күтімін уақытында жүзеге асырудың маңызы ерекше болып табылады. Жылу энергиясынның ысырап болуы нақ осы мәселеге байланысты. Егер біз қыруар отын жұмсап, оны тұтынушыға жеткізетін жерге дейін қуатын сақтай алмасақ, онда еңбегіміздің зия кеткені болып саналады. Жылу

жүйелерін қысқы уақытта қымтау, оның ысырабы болмауын қамтамасыз ету өзекті мәселенің қатарына жатады. Ал бұл шаралардың барлығы жоғарыда айтылған Қазақстан Республикасының заңдылығында жан-жақты қамтылған.

Біз әдетте жылу жүйелерін сынақтан өткізу үшін оны маусым алдында 15-20 күн бұрын іске қосамыз. Бұл уақыт жеткіліксіз. Себебі, жылу үнемдейтін шараларды жүзеге асыру үшін барлығын ескеруіміз қажет. Осының барлығы жылу ғана емес, су жүйелеріне де қатысты. Олардың жұмыс тиімділігін арттыру үшін көптеген шараларды жүзеге асыру керек. Қорыта айтқанда, республика заңдылығын жүзеге асыру бұл мемлекеттік үлкен шара болып табылады.

Андрей ЕН,
ҚР Индустриялық даму министрлігі
облыстық департаментінің
мемлекеттік инспекторы.

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ ӘКІМІ АППАРАТЫНДА ЖЕКЕ ЖӘНЕ ЗАҢДЫ ТҰЛҒАЛАРДЫҢ УӘКІЛДЕРІН ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ

АТЫ-ЖӨНІ, ТЕГІ	ЛАУАЗЫМЫ	ҚАБЫЛДАУ КҮНДЕРІ	ҚАБЫЛДАУ САҒАТЫ
КӨШЕРБАЕВ ҚЫРЫМБЕК ЕЛЕУУЛЫ	ОБЛЫС ӘКІМІ	Әр айдың 4-ші дүйсенбісі	Белгіленген уақытта (сағат 10-нан 17-ге дейін)
ГОДУНОВА НАТАЛЬЯ НИКОЛАЕВНА	ОБЛЫС ӘКІМІНІҢ ОРЫНБАСАРЫ	Әр айдың 1-ші және 3-ші СЕЙСЕНБІСІ	Белгіленген уақытта (сағат 10-нан 17-ге дейін)
КОЖАНЫЗОВ СЕРІК САЛАУАТҰЛЫ	ОБЛЫС ӘКІМІНІҢ ОРЫНБАСАРЫ	Әр айдың 2-ші және 4-ші СЕЙСЕНБІСІ	Белгіленген уақытта (сағат 10-нан 17-ге дейін)
ӘЛІБАЕВ НҮРЖАН НҮРМАҒАМБЕТҰЛЫ	ОБЛЫС ӘКІМІНІҢ ОРЫНБАСАРЫ	Әр айдың 1-ші және 3-ші СӨРСЕНБІСІ	Белгіленген уақытта (сағат 10-нан 17-ге дейін)
РАУАН КЕНЖЕХАНҰЛЫ	ОБЛЫС ӘКІМІНІҢ ОРЫНБАСАРЫ	Әр айдың 2-ші және 4-ші БЕЙСЕНБІСІ	Белгіленген уақытта (сағат 10-нан 17-ге дейін)
ӨМІРБЕВ ҒАЛЫМ МАХМУТБАЙҰЛЫ	ОБЛЫС ӘКІМІНІҢ ОРЫНБАСАРЫ	Әр айдың 1-ші және 3-ші ЖҰМАСЫ	Белгіленген уақытта (сағат 10-нан 17-ге дейін)
ЖАЙСАНБАЕВ ҚАНАТБЕК БАҚЫТҰЛЫ	ОБЛЫС ӘКІМІНІҢ АППАРАТ БАСШЫСЫ	Әр айдың 2-ші және 4-ші ЖҰМАСЫ	Белгіленген уақытта (сағат 10-нан 17-ге дейін)

Азаматтарды қабылдауға алдын ала жазу Қызылорда облысы әкімдігінің ғимаратында мына мекен-жай бойынша жүргізіледі: Қызылорда қаласы Сұлтан Бейбарыс көшесі №1, 1- қабат, №139 бөлме. Анықтама телефоны: 60-55-39.

Қызылорда облысы әкімінің аппараты.

МАЙЛЫТОҒАЙДАҒЫ МАҚТАРЛЫҚ ІСТЕР

Шпелі ауданындағы “Майлытоғай” селолық тұтыну кооперативтерінің жұмысымен таңысу мақсатында аудандағы СТК төрағалары, ауыл әкімдері Нәрсай каналы арнасына салынған су реттегіш тоғанда бас қосты.

Бұл нысанды 2012 жылы СТК БҰҰ-ның даму бағдарламасы бойынша “Майлытоғай ауылында алыс жайылымдарды қалпына келтіру және суармалы шабындық жасау” жобасы бойынша іске қосты. Қазір бұл аумақ суландырылып, 1200 гектар жерде ауыл малдары жайылып, тұрғындар шабындықтардан

600 тоннадай шөп орып, қысқа дайындап алады. Осы СТК демеушілігімен ауылдағы шеткі көше тұрғындарына 1600 метр су желілері тартылып, ауыз су жеткізіліп берілуде.

Келесі күні жиынға қатысқандар елді мекендегі ауылдық округ кеңесінің, салынған жолдар, ауыл клубын, “Тағзым” алаңын аралап, биылғы жылы мектеп бітірушілердің көмелеттік мемлекеттік аттестат тапсыру салтанатты іс-шарасында болды. Ауылдағы жана орта мектеп ғимаратында ауылдық округ әкімдері, аудандағы СТК төрағалары, ауыл тұрғындары, мектеп мұғалімдері қатысқан семинар-кеңес өткізілді. Онда

облыстық селолық тұтынушылар кооперативі төрағасы С.Далдабаев хабарлама жасап, өткен және биылғы жылы облыста тұтыну кооперативтері атқарған жұмыстарға шолу жасап, келелі міндеттерге тоқталды. Жергілікті СТК төрағасы Ғалымжан Жасыбаев атқарып жатқан қызметі туралы айтып берді. Ұлы Жеңістің 70 жылдығы қарсаңында ауылдың “Тағзым” алаңына аудандық биоджеткен жай жөндеу жұмыстарына 500 мың теңге бөлінді. «Майлытоғай» СТК соғаннан қаза болған 75 боздақ пен елге оралған ардагерлер мен тыл ардагерлері есімдерін гранит тасына жаздырып, ортақ іске үлкен

үлес қосыпты. Аланды күрделі жөндеуге ауыл түлегі – қызылордалық көсіпкер, «Сәт-сервис» ЖШС басшысы Роза Сәдібекова демеушілік жасап, 3 млн теңге қаржы салды. Бүгінде елді мекенде «Даму», «Өрлеу», «Сыбаға» деген сияқты бағдарламалар халыққа қызмет жасауда.

Жиында аудандық ауылшаруашылық бөлімінің басшысы М.Мақаш, ауыл әкімі Қ.Асанов өздерінің пікірлерін білдірді. Кездесуді облыстық СТК төрағасы С.Далдабаев қорытындылады.

Қ.ШАПШАНОВ.

● ҰЛТ ЖОСПАРЫ – 100 НАҚТЫ ҚАДАМ

Елімізді әлемдегі дамыған 30 елдің қатарына қосу және «Мәңгілік ел» идеясын жүзеге асыру мақсатында бес институттық реформаның әрқайсысының өзіндік атқаратын ерекше міндеттері мен жүгі бар.

Осылардың ішінде бесінші институттық реформа – «Транспарентті және есеп беруші мемлекетті қалыптастыруға» арналған.

Елбасы қойған бес институттық реформаны жүзеге асыруға белгіленген 100 қадамның он қадамы (91-100 қадамдар) осы бесінші институттық

азаматтардың шешімдер қабылдау үдерісіне қатысу мүмкіндігі кеңейетін болады. Мемлекетке тән емес қызметтер бәсекелестік ортаға және қолданыстағы заңнамаға сай және мемлекеттің қатысуынсыз дербес жұмыс жүргізетін өзін-өзі реттеуші ұйымдарға беріліп, Үкімет мемлекетке тән емес және басы артық қызметтерді қысқарту есебінен неғұрлым ықшамдалады.

Бұл халық, мәслихаттар және басқа да жергілікті өзін-өзі басқару органдары арқылы жүзеге асырылатын, заңнамада айқындалған тәртіппен

ЖАҢАРУҒА БАСТАҒАН ЖАҢА БАҒЫТ

реформаға арналып отыр. Осы қадамдар әрбір қазақстандық пен мемлекеттің арасын анағұрлым жақындатып, бірін-бірі құрметтейтін қоғам орнатуға мол мүмкіндіктер жасайды.

Біріншіден, мемлекеттік органдар басшыларының есептілігі тәжірибесі кеңейетін болады. Мемлекеттік органдар басшылары халық алдында

стратегиялық жоспарлар және аумақтық даму бағдарламаларының маңызды көрсеткіштеріне қол жеткізілгендігі туралы жыл сайын ашық баяндамалар жасап, олардың есептері ресми веб-сайттарда орналастырылатын болады. Яғни, әрбір мемлекеттік органның басшысы осыған дейін өзінің жылдық қызметтік есебін оны тағайындаған жоғары тұрған басып алдында ғана беріп келген болса, алдағы уақытта есепті сол аумақтың тұрғындарын да беретін болады, ал есептің мәтіні танысамын деген кез келген адамға қолжетімді болмақ. Бұл жағдайда мемлекеттік орган басшысының есебімен танысып қана қоймай, оған сұрақтар қойып, ұсыныс-пікірлерін білдіру мүмкіндігі де болатындығын ескерген жөн.

Бұл талап – мемлекеттік органдардың жұмысына қоғам тарапынан ұдайы бақылау орнатуға мүмкіндік беріп, соның нәтижесінде басшылардың өз қызметін қалыптасқан заңнамаға және жауапкершілігін арттыра түсуге міндеттейтін болады. Екіншіден, шешім қабылдау үдерісінің мөдірлігі қамтамасыз етіледі. Заманауи ақпараттық технологиялардың жетістіктері пайдаланыла отырып, «ашық үкімет» тегіті жүзеге асырылады. Өзін-өзі реттеу мен жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту арқылы

жергілікті маңызы бар мәселелерді өзінің жауапкершілігімен дербес шешуге бағытталған қызмет. Жергілікті өзін-өзі басқару қызметі қазірдің өзінде ауылдық округтер мен кенттерде құрылып, өз жұмыстарына кірісе бастады.

Басқарудың ашықтығы мен мемлекеттік органдар басшыларының есеп беруін кезең-кезеңмен дамыту, қоғамдық бақылаудың рөлін күшейту, азаматтық қатысуды кеңейту, мониторинг пен бағалау тетіктерін жетілдіру тұтастай алғанда мемлекеттік басқарудың тиімділігін арттыратыны сөзсіз.

Үшіншіден, азаматтық бюджеттендіру енгізілетін болады.

Әрбір аумақтың (ауыл, кент, аудан, қала, облыс) алдағы қаржы жылына арналған бюджетінің жобасы қазіргі кезеңде тиісті жергілікті атқарушы орган тарапынан дайындалып, ол сәйкес мәслихатта бекітіледі және әділет органдарында мемлекеттік тіркеуден өтіп, БАҚ-та жарияланады. Бюджет жобасы, Заңда көзделгендей, мәслихаттың тұрақты комиссияларында тиісті басқармалар басшылары мен мамандарының қатысуымен талқыланып келді, яғни айтқанда, бюджет жобасын талқылауға тек депутаттар ғана атсалысы алатын.

Азаматтық бюджеттендіру енгізілген кезде, бюджет жобасын талқылауға депутаттармен қатар қоғамдық ұйымдар өкілдерінің де, жеке азаматтардың да қатысып, өз ой-пікірлері мен ұсыныстарын білдіруге мүмкіндік туады. Басқаша айтқанда, барлық жергілікті бюджеттер (ауыл бюджетінен бастап облыстық бюджетке

дейін) жобалары кезең-кезеңімен жалпыхалықтық талқылаудан өтеді.

Ауылдық округ, кент, аудандық маңыздағы қала деңгейінде жергілікті өзін-өзі басқарудың дербес бюджеті енгізіледі және тек жергілікті қоғамдастық қалауымен ғана жұмсалатын болады.

Жалпыхалықтық талқылауды ауыл, кент деңгейінде жергілікті қоғамдастық жиналысы түрінде өткізу, әрине, аса қиындық туғыза қоймағанымен, аудандық, әсіресе облыстық деңгейде оны басқаша түрде, мыса-

енді оны бақылау тетіктері кеңейетін болады. Бұдан былай мемлекеттік қызметішінің жүріс-тұрысы мен іс-әрекеттерін бүкіл қоғам болып бақылап, өз бағасын беріп отыратын болады. Түптеп келгенде мемлекеттік қызметішінің заң аясында ғана жұмыс жасап, адал еңбек етуіне, түрлі заң бұзушылықтардан, теріс әрекеттерден аулақ болуына оң ықпал ететін сөзсіз. Бұл екінші жағынан, қоғамның дамуына кесел болып жабасқан сыбайлас жемқорлықты мейлінше азайтуға септігін тигізеті анық.

Бесіншіден, қоғамда өзін-өзі реттеуді кеңінен енгізу қамтамасыз етіледі.

Қазір мемлекеттік органдардың жауапкершілік аймағы шектен тыс ауқымды. Соның салдарынан олардың жұмыс уақытының басым бөлігі ағымдағы жедел шешілуі тиіс мәселелермен ғана айналысуға жұмсалады. Мысалы, білетіндей, ауылдық округ әкімінің функциясына сол аумақтағы барлық мәселеге жауаптылық заңмен жүктелген. Дәл осындай жағдай облыстық, аудандық басқару органдарына да тән. Осылардың біршамасын мемлекеттік басқару өкілеттілігіннен азаматтық қоғам институттарына (үкіметтік емес ұйымдарға) беруге әбден болады. Сонда мемлекеттік органдардың жауапкершілік аймағы қысқарып, өзіне жүктелген стратегиялық шараларды жүзеге асыруға тынысы біршама кеңітін болады.

Қазақстан Республикасының Президенті, «Нұр Отан» партиясының төрағасы Н.Ә.Назарбаев партияның XVI съезінде: «Осы бес бағыт бойынша оң нәтижелерге қол жеткізілуімен жергілікті атқарушы органдардың жана сайлау жүйесі туралы мәселені шешуге болады. Биік өкілеттіктерін біздің дәстүрлерімізді есепке ала отырып Президенттің Парламентке және Үкіметке қайта бөлуді көздейтін конституциялық реформа кезең-кезеңмен жүргізілетін болуы тиіс.» – деді.

Бұл реформалар Қазақстанның болашақ онжылдықтарға арналған сара бағытын айқындайды. Әрбірліз куә болғандай, түелсіздік жылдарында қыруар шаруа атқарылды, ал алда атқарылар жұмыстар одан да көп. Еліміздің қарқынды өркендеуі үшін қоғамда жарасымдылықты нығайта отырып, конституциялық реформа жолымен бірлесе, ауызбіршілікпен еңбек ете берейік!

Ақмарал ӘЛНАЗАРОВА,
облыстық мәслихат хатшысы.

байланысын көрсететін модель қазіргі педагогикалық қызметтің озық үлгісі ретінде танылды.

Семинарға қатысушылар Оңтүстік Кореяның IT технологияларын қолданудағы озық тәжірибелерін, оның курстарына қатысқан педагогтар интерактивті сабақ өткізіп, он-лайн режимінде өз тәжірибелерін ортаға салды. Пән оқытушылары ғылыми жанапалықтар мен жанапалық идеялар жайында өзара ой бөлісіп, пікір алды. Маманның табыстылығы оның білімнің көлемімен емес, өз өміріне де, ел өміріне де өзгерістер енгізуге белсенді араласуға дайындығымен, мәселесін тың шешім таба білуімен, нақ осы еште қажетті ақпаратты өз бетініе ала білуімен өлшенеді. Бүгінгі таңда әдістемелік қызметті жетілдіруге жана философиялық, психологиялық-педагогикалық тәсілдерді дайындау және оны жүзеге асыру, оны білім беру үдерісіне енгізу өзекті мәселе болып отырғаны белгілі. Әдістемелік жұмыс алдындағы қатарлы көпбасшы мұғалімдердің тәжірибесіне сүйенетін тағы аян. Осы орайда қазіргі заман мұғалімінің кәсіби даарлығын арттыруда Қызылорда гуманитарлық колледжі әдістемелік қызметінің заман талабына сай ұйымдастырылғаны айта кеткен орынды.

Ж.БАЛАБАЙҚЫЗЫ.

«СЕРПІН-2050» ЖОБАСЫ ҚАРҚЫНДЫ ЖҮРІП ЖАТЫР

Елімізде «Серпін-2050» әлеуметтік жобасы бойынша биыл 19 жоғары оқу орнына 5 мың білім гранты бөлінді. Ал, колледждерге 1200 грант қаралды. Айта кетейік, бұл жоба бытырлдан бері қолға алынған еді. Жоба бойынша ЖОО үшін бөлінген гранттардың басым көпшілігі техникалық мамандықтарға арналған. Жалпы, «Серпін-2050» әлеуметтік жобасымен 2015-2016 оқу жылында 52 мамандық, ал 36 колледжде 58 мамандық бойынша білім беру жүзеге асады.

Елбасы тапсырмасымен жүзеге асырылып жатқан жобаға қатысушылардың қатары өсіп отыр. Білім және ғылым министрлігі «Серпін-2050» әлеуметтік жобасы үшін бөлінетін білім гранттарының санын да үш есеге арттырған. Нәтижесінде жастарды оқытатын мамандықтар саны да өсіп отыр. «Серпін-2050» әлеуметтік жобасы республикалық үйлестіру кенесі тараптан ақпараттарға қарағанда өткен жылы да білім гранттарын иелену үшін әр орнына 5 адам бақ сынаған. Ал, биыл гранттар саны өскенімен, бәсекелестік жоғары болатын түрі бар. Жобаның үйлестіру кенесінің мамандары маусым айында Маңғыстау, Қызылорда, Жамбыл, Оңтүстік Қазақстан облыстарында үгіт-насихат жұмыстарын жүргізіп, қызығушылық танытқан тұрғындармен, мектеп түлектерімен кездесу ұйымдастырды.

Әрине, жобаның әлеуметтік-саяси мәні айырықша болып отыр.

Нұрбек ДӘУРЕНБЕКОВ.

